

«Бекітемін»
Мектеп директоры
« 31 » тамыз 2023 жыл



Садвакасов А.Н

Білім бөлімінің басшысы



Ақшалова А.Т

« 31 » тамыз 2023 жыл

**«Ақмола облысы білім
басқармасының Біржан сал ауданы
бойынша білім бөлімі Құдықағаш
ауылының Рамазан Елебаев атындағы
жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2023-2024 оқу жылына арналған
жылдық жоспары**

**«Ақмола облысы білім
басқармасының Біржан сал ауданы
бойынша білім бөлімі Құдықағаш
ауылының Р. Елебаев атындағы
жалпы орта білім беретін мектебі»**

KMM

**2022-2023 оқу жылына арналған
сараптама**

**«Құдықағаш ауылының Рамазан Елебасев атындағы жалпы
орта білім беретін мектебі»**

1988 жылы қазанда «Құдықағаш орта мектебі» болып ашылды. Мектеп Ақмола облысы, Біржан сал ауданы, Құдықағаш ауылы С.Шаринов көшесі №20 үйде орналасқан. Жер аумағының көлемі; 2509,8 м²

Ғимараттың жалпы алаң – 1123,7 м². Ғимараттың жобалық қуаты-132 оқушыға арналған. Оқу кабинеттерінің саны-14, спорт залдың көлемі - 162м², кітапхана 34 м², асхана-65,4 м², асхана-24 орындық, акт залы-72 м², спорт алаңы-200 м², мектепті жылыту – автономды.

Оқу тілі–қазақ тілінде. Бағыты -10-11 сыныптар үшін жаратылыстану-математикалық.

1-4 сыныптар арасында – 21, 5-9 сыныптар – 27, 10-11 сыныптар -10.



Барлық кабинеттер жаңа талаптарға сай безендірілген. Асхана 60 орындық. Мектепте 1 спортзал және акт залы бар, кітапхана жұмыс істейді, оған мектеп оқушыларының барлығы барады. Барлық оқушылар оқулықпен 100% қамтылған. Мектепте барлығы 24 мұғалім жұмыс жасайды, олардың 22-сы жоғары білімді, 2-уі орта арнаулы білім.

2022-2023 оқу жылының оқу-тәрбие жұмысына сараптама

Мақсаты: 2022-2023 оқу жылындағы мектептің оқу-тәрбие жұмысының қорытындысын шығару;

Пәндер бойынша сапаның қалыптасу деңгейін анықтау;

Педагогтардың кәсіби өзін-өзі тәрбиелеуге және өзін-өзі жүзеге асыруға белсенді қатысуын ашу;

Оқу іс-әрекеттерінің бағыттары: ұжым «Заман талабына сай оқыту мен тәрбиелеудің формалары мен әдістерін жетілдіру» мәселесі бойынша жұмысты жалғастырды

Мектептің мақсаты: Функционалдық білімі бар заманауи шығармашылық бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруда жоғары тиімді педагогикалық қызметті қамтамасыз ететін кешенді шаралар құру

2022-2023 оқу жылының тапсырмалары мен міндеттері:

1. Білім берудің барлық деңгейінде білім сапасын арттыру;
2. Мотивациясы жоғары және төмен оқушылармен жұмыс жүйесін жетілдіру;
3. Мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігінің өсуін қамтамасыз ететін әдістемелік қызметті жетілдіру;
4. Бағдарламалық іс-тәжірибелерді қамтамасыз ете отырып, тарату

Сапалы білім берудің қол жетімділігін қамтамасыз ету

Құдықағаш ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің балалардың сапалы білім алуы үшін барлық алғы шарттарды, қолайлы жағдайларды жасауда. Оқу үрдісі 1 ауысымда оқиды. Мектептің жұмыс тәртібі 1-11- сыныптарда 5 күндік оқу аптасы енгізілді. Сабақтың ұзақтығы 45 минуттан өткізілуде. ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес, мектеп Жарғысына байланысты оқушыларды оқыту дайындығы 5 жастан басталады.

Мекемеге осы ауылдың барлық балалары қабылданады және тиісті деңгейдегі білімді алуға құқығы бар. Оқу жоспары мемлекеттік стандартқа сәйкес әзірленген.

Оқушыларды олимпиадаға, мемлекеттік емтиханға, дарынды балалармен және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс істеу үшін қосымша қызмет көрсету тізіміне де осы жұмыстар енгізілген.

Жылда мектебімізден оқушылар 9-шы сыныпты аяқтап, қолдарына аттестаттарын алып орта арнаулы оқуға түседі. Қалған оқушыларымыз 11 жылдықты аяқтап жоғары оқуларына түседі.

Мектепте оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру мақсатында мектепшілік бақылау жоспары жасалып, атқарылған жұмыстарға қорытынды жасалынып отырады. Жылдық жоспар негізінде айлық жоспар құрылады. Тамыз – қыркүйек айларында оқушыларды оқумен қамтудың орындалуына бақылау жүргізіліп, 0-18 жасқа дейінгі балалардың тізімін анықталады. Ауылда оқумен қамтылмай қалған балалар болған жоқ. Мектепалды даярлық сыныбына келетін балалар, «Мектепке жол» акциясы бойынша 1-ші сыныпқа

қабылданатын балалармен жұмыстар атқарылды. Биылғы оқу жылында сәуір айынан бастап 1-ші сыныпқа оқушылар қабылдана бастады. Биылғы оқу жылында Құдықаған ЖОББ мектебіне 1-ші сыныпқа 7 оқушы қабылданды. Мектептегі техникалық қауіпсіздік ережелері бойынша жұмыстар атқарылып, оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Өткен оқу жылында аудандық білім бөлімі біздің мектепке төрт комплект кабинетке арналған жиһаз алып берді. Он оқу кабинетінде толық оқушылардың парталары мен орындары жаңартылды. Жалпы суммасы екі миллион екі жүз тоқсан үш мың жеті жүз алпыс теңге. Мүгедектерге арналған тактильді жолақ орнатылды. Мектептің кіре берісіне бір миллион тоқсан бес мың үш жүз алпыс теңгеге турникет орнатылды.

Рамазан Елебаевтың жиені Қарлығаш Орынбасарқызы мектебімізге музыкалық аспаптар: домбыра, гитара, үкілі сопрана сыйлады.

Ауылымызда 30 мамыр өткен Наурыз мерекесінде ауыл тұрғындары мектебімізге жалпы 110000 теңгеге төрт Қазақша күрес шапаны, бір волейбол, бір футбол добы, волейбол есебінің көрсеткішін сыйлады.

Мектебіміздің 1993 жылғы түлектері 30 жыл мектеп бітіргендеріне байланысты (1976 жылы туған) 130000 теңгеге проектор сыйласа 1983 жылғы түлектер 40 жыл мектеп бітіргендеріне (1966ж) Спорттық кубок грамоталар қоюға арналған 150000 теңгеге шкаф сыйлады. 1968 жылғы түлектер 40 жыл мектепті бітіргендеріне Мектептің өнер залына пердені сыйғат тартты.

Мектебіміз 2022 жылдың желтоқсан 2023 жылдың қаңтар айында Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» жоспары бойынша бес жылда бір отетін мемлекеттік аттестаттаудан өтті.

2022 жылғы тамыз кеңесінде 2021-2022 оқу жылының жалпы қорытындысы мен мектеп түлектері жоғары білім сапасын дәлелдеп, ЖОО мемлекеттік грант иегері аталғаны үшін мектебіміз 1 орынды иеленді.

Оқу пәндерінің жүргізілуіне бақылау жұмыстары

Оқу жылының басында мұғалімдердің тақырыптық – күнтізбелік жоспарлары тексеріліп бекітіледі, мектепшілік жұмыс жоспарына сәйкес отырыстар өткізіледі. 1-ші және 5-ші сыныптардың ортаға бейімделуі бойынша бақылау жасалынды. Күнделік кз. бойынша сабақтардың дұрыс толтырылуы туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ФБ қою туралы айтылды. Журнал тексеріліп, кемшіліктер мұғалімдерге ескертіледі. Жас мамандар, жаңадан келген ұстаздармен жұмыстар атқарылды. Тәлімгерлер бекітіліп, жұмыс жоспарлары бекітіледі.

Білім сапасындағы ішкі және сыртқы бағалауына да бақылау жүргізіледі

Білім мазмұнын жаңарту шеңберінде мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалып отыр.

Функционалдық сауаттылық әр мектеп пәнінің негізінде қалыптасады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыстарына бейімделген тапсырмалар; экономикалық тарихи мазмұндағы тапсырмалар; тәжірибеге бағытталған тапсырмалар т.б.) болып табылады.

Оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау (бұдан әрі- ОЖТБ) аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығы бағаланады.

Қазақстан Республикасында оқушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау аясында функционалдық сауаттылықтың мынадай түрлері бағаланады: оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі); математикалық сауаттылық; жаратылыстану ғылыми сауаттылық (физика, химия, биология, география).

Оқушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасуын тексеруге арналған тапсырмалардың үлгілері ОЖСБ дайындық оқу – әдістемелік құралдарында қамтылған. Сол бойынша мұғалімдер оқушылардан тест алып, оқушыларды жыл бойы дайындық жұмыстарын жүргізеді. Биылғы оқу жылында ПИЗА зерттеуі және бастауыш сыныптардың оқу сауаттылығын тексеру жұмыстарың жоспары жасалынды. Құдықағаш ЖОББ мектебінде соңғы үш жылда ОЖСБ болған жоқ.

1.1 Сапалық құрам

Мектеп ұжымында 24 мұғалім қызмет етеді. Оның ішінде 1-уі қоса атқарушы.

Жоғары біліммен- 21 педагог. 88 %;

Арнаулы орта біліммен– 3 педагог, 12%

Педагогикалық құрамның педагогикалық өтіліне сараптама:

Педагог-қызметкерлердің еңбек өтілі

№	0 -3 жыл	3-15жыл	16-дан 25 жылға дейін	25-35 жылдан асқан
1	2/8%	6/0,25%	4/16%	12/0,5%

Білім беру ұйымдары педагогтерінің жалпы санынан "педагог-зерттеуші", "педагог-шебер" біліктілік санаты бар педагогтердің үлесі

	2020-2021	2021-2022	2022-2023
Барлық мұғалім	21	22	24
Педагог шебер	-	-	-
Педагог зерттеуші	3/14%	3/14%	3/12%
Педагог-сарапшы	4/19%	5/23%	4/17%
Педагог-модератор	2/9%	2/9%	2/8%
Жоғары санат	4/19%	1/4%	1/4%
I санат	9/43%	5/23%	1/4%
II санат	4/19%	2/9%	0
Санатсыз	4/19%	7/32%	13/54%

Мұғалімдердің жас құрамы

№	30 жасқа толмаған	30 -дан 50 жасқа дейін	50 жасстан асқан	Педагогикалық ұжымның орта жасы
1	4	10	9	1

1.2 Мектептің педагогикалық ұжымының біліктілігін арттыру

Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттыруды жүзеге асыру 2022-2023 оқу жылына арналған курстық жұмыс кестесіне сәйкес жүргізілді

Пән бойынша курстан төмендегі мұғалімдер өтті:

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселелері бойынша жоспарланған көрсеткіштер орындалуда. Биылғы оқу жылында пән бойынша 10 мұғалім біліктілікті арттыру курстарынан өтті, инклюзивті білім беру бойынша 16 мұғалім курстан өтті.

Бүгінгі күні қайта даярлау курсынан өткен мұғалімдердің үлесі 70,5% құрайды, ал 29,5% (10 адам) курстық қайта даярлауды қажет етеді.

	Мұғалімнің аты-жөні	Тақырыбы	Мерзімі	Өткен жері	Тіркеу нөмірі
1	Салыкова Т.М	Бастауыш мектеп пәндерінің күрделі тақырыптарын меңгеру	10.01-21.01 2022ж	Көкшетау қ. «Өрлеу»	0434628
2	Шарипова Р.К.				0434636
3	Хамзина А.У.				0434632
4	Сапарова Б.Т.	Развитие профессиональных компетенций учителя русского языка и литературы	17.01-28.01 2022 ж	Көкшетау қ. «Өрлеу»	0434812
5	Шаймерденова А.К.				0434820
6	Бигалиева К.Ш.	Қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби құзіреттіліктерін дамыту	31.01-11.02	Көкшетау қ. «Өрлеу»	0434898
7	Рахимжанова Н.Р.	Қазақ тілі және қазақ әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби құзіреттіліктерін дамыту		Көкшетау қ. «Өрлеу»	
8	Жумагулов Д.М.	Развитие профессиональных компетенций учителя физической культуры	18.04-29.04 2022 ж	Көкшетау қ. «Өрлеу»	0483732
9	Умирзакова Ы.С.	Развитие профессиональных компетенций учителя английского языка	20.09-01.10 2021 ж	Көкшетау қ. «Өрлеу»	0405976
10	Умирзакова Ы.С.	Білім беру робот техникасы және электрондық құрылғыларды жобалау	08.11-18.11 2021	Көкшетау қ. «Өрлеу»	0434322
11	Рахметов М.А.	Биология пәні мұғалімінің кәсіби құзіреттіліктерін дамыту	25.04-06.05 2022 ж	Көкшетау қ. «Өрлеу»	0483841
12	Сапарова Б.Т.	Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында тәрбие үдерісін басқарудың заманауи амалдары	28.02-11.03 2022	Алматы қ. «Өрлеу»	0532099

«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған білім берудің жаңартылған мазмұның іске асыру жағдайында инклюзивті білім беру» тақырыбы бойынша курстан өткен мұғалімдер

	Мұғалімнің аты-жөні	Мерзімі	Өткен жері	Тіркеу нөмірі
1	Аманжолова Г.А.	10.01-21.01 2022ж	Көкшетау қ. «Өрлеу»	0434658

2	Бигалиева К.Ш.	10.01-21.01 2022ж	Көкшетау «Өрлеу»	қ.	0434660
3	Өзімжан Е.М.	10.01-21.01 2022ж	Көкшетау «Өрлеу»	қ.	0434659
4	Жумагулов Д.М.	10.01-21.01 2022ж	Көкшетау «Өрлеу»	қ.	0434662
5	Жусупов Р.М.	10.01-21.01 2022ж	Көкшетау «Өрлеу»	қ.	0434663
6	Жусупова А.О.	10.01-21.01 2022ж	Көкшетау «Өрлеу»	қ.	0434664
7	Калиева З.Б.	10.01-21.01 2022ж	Көкшетау «Өрлеу»	қ.	0434665
8	Каримова Н.Б.	10.01-21.01 2022ж	Көкшетау «Өрлеу»	қ.	0434666
9	Рахимжанова Н.Р.	10.01-21.01 2022ж	Көкшетау «Өрлеу»	қ.	0434668
10	Рахметов М.А.	10.01-21.01 2022ж	Көкшетау «Өрлеу»	қ.	0434669
11	Рахметова С.А.	10.01-21.01 2022ж	Көкшетау «Өрлеу»	қ.	0434670
12	Садвакасова Р.Д.	10.01-21.01 2022ж	Көкшетау «Өрлеу»	қ.	0434671
13	Салыкова Т.М.	10.01-21.01 2022ж	Көкшетау «Өрлеу»	қ.	0434672
14	Сапарова Б.Т.	11.10-22.10 2021 ж	Көкшетау «Өрлеу»	қ.	0433812
15	Сейтказин С.Г.	10.01-21.01 2022ж	Көкшетау «Өрлеу»	қ.	0434673
16	Умирзакова Ы.С.	10.01-21.01 2022ж	Көкшетау. «Өрлеу»	қ.	0434677

2022-2023 оқу жылы

Мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселелері бойынша жоспарланған көрсеткіштер орындалуда. Биылғы оқу жылында пән бойынша 2 мұғалім біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Бүгінгі күні қайта даярлау курсынан өткен мұғалімдердің үлесі 8% құрайды, ал 28 % 7 адам) курстық қайта даярлауды қажет етеді.

	Мұғалімнің аты-жөні	Тақырыбы	Мерзімі	Өткен жері	Тіркеу нөмірі
1	Садвакасов Алтай Ногербекович	“Білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайындағы инновациялық менеджмент”	26.09-07.10.2022 ж	Көкшетау қ. «Өрлеу»	0536167
2	Жусупова Айсұлу Омирсериковна	“Мектептегі ағылшын тілі сабағы: басымдықтар және жетілдіру стратегиялары”	25.07-12.08.2022 ж	Көкшетау қ. “Назарбаев Зияткерлік мектептері”	

1.3. Педагогтарды аттестаттау

2022-2023 оқу жылында мектебімізден педагог-зерттеушіні растауға

Қалиева Зейнегүл Борамбайқызы.

Педагог-сарапшыға қазақ тілі мұғалімі Бигалиева Когершин Шаукенқызы.

Педагог –модераторлыққа технология мұғалімі Садвакасов Алтай Ногербекұлы, бастауыш сынып мұғалімі Аманжолова Гүлім Амантайқызы, технология мұғалімі Салықова Толқын Мұхаметжанқызы, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Жумагулов Даулеткелді Мубаракұлы.Осы мұғалімдердің портфолиолары жинақталып,өткізілді.

II Әдістемелік кеңес пен мектеп әдістемелік бірлестіктерінің жұмысы

2.1Мектепте жұмысты жүргізу үшін пән бірлестігі жұмыс істейді: жаратылыстану пәндерінің (жетекшісі Рахметова С.А), гуманитарлық пәндер (жетекшісі Рахимжанова Н.Р.), бастауыш сыныптар (жетекшілер:Хамзина А.У , еңбек өнері, музыка, дене шынықтыру (жетекшісі Салықова Т.М.)

Әр ӘБ жыл бойы өз жоспары бойынша жұмыс істеді. Әдістемелік бірлестіктер жұмысының негізгі міндеті – мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін арттыруға көмектесу.

Әдістемелік бірлестіктердің қызметі мыналарға бағытталған:

1. Пән бойынша білім алушылардың білім, білік, дағдыларының сапасын және оқушылардың ғылыми, адамгершілік тәрбие деңгейін (сабаққа, сыныптан тыс жұмыстарға қатысу және талдау, оқу бағдарламаларының орындалуын тексеру) жағдайын зерттеу және талдау, пәннің білім беру мүмкіндіктерін пайдалану, бақылау жұмыстарын жүргізу және оларды талдау, дәптерді қарау, т.б.)

2. Мұғалімнің жұмыс жүйесін зерттеу (сабақ сапасы, сабаққа қойылатын заманауи талаптардың орындалуы, жоспарлаумен танысу, мұғалім қолданатын оқыту әдістерінің тиімділігі).

Оқу жылында ӘБ 5 отырыс өткізіліп, онда оқу жылының басталуы, оқу жүктемесінің бөлінуі, бірлестіктердегі мұғалімдердің жұмыс нәтижелері және олардың жетістіктері туралы мәселелер қаралды. Мектеп әдістемелік бірлестіктерінің отырыстарында келесі мәселелер талқыланды:

- оқу жылының жұмыс жоспарымен таныстыру;
- білім беру стандарттарымен жұмыс;
- күнтізбелік және тақырыптық жоспарларды келісу;
- оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою жұмысының әдістері;
- оқу-танымдық іс-әрекетке мотивациясы жоғары оқушылармен жұмыс істеу әдістері;

- аралық және қорытынды бақылаудың нысандары мен әдістері

Барлық әдістемелік бірлестіктерде онкүндіктер жақсы деңгейде өтті. ӘБ отырысында онкүндіктердің талдауы қаралды. Анықтамалар жасалып, ұсыныстар берілді:

1. Ашық сабақтар мен іс-шараларды өткізуге жауапты пән мұғалімдерді өз іс-тәжірибелерін тарату бойынша сабақтарды әзірлеуге

2. Оқушыларды барлық іс-әрекетке белсендірек тартуы

3. Онкүндіктерде сабаққа өзара қатысуды белгілеу

Қорытынды: Мұғалімдер өзінің педагогикалық іс-әрекетінің жетістігіне өзіндік диагностика жүргізуі, жұмысындағы әлсіз тұстарды көруі керек. Бұл олардың өзін-өзі тәрбиелеу іс-әрекетін, жалпы оқу-тәрбие процесін дұрыс және тиімді құруға көмектеседі. Ал ӘБ басшылары әр мұғалімнің жетістіктері мен кемшіліктерін көрсете отырып, оның іс-әрекетін сауатты талдауы қажет. Әрдайым әдістемелік жұмыстар мұғалімнің шеберлігін арттыруға бағытталуда.

Жаңадан келген жас мамандармен жұмыс. Жас мұғалімдерге тәлімгерлерді анықтау.

2022-2023 оқу жылында педагогикалық еңбек өтілі 3 жылға жетпеген 2 жас маман жұмыс жасайды. Мектепте жас мұғалімдердің кәсіби бейімделуіне көмек көрсету, пәндерді оқытудың әдістемелік деңгейін көтеру, сыныптан тыс жұмыстарды өткізу, жас мамандардың шығармашылық өзін-өзі

дамытуын ынталандыру мақсатында тәлімгерлік жұмыстары ұйымдастырылды. Жас мамандарға оқу сабақтарын бірлесіп әзірлеу, мұғалімнің сыныппен жұмысының әдістері мен тәсілдерін түзету, педагогикалық шеберлік сапасын арттыру бойынша ұсыныстар беріліп тұрақты түрде көмек көрсетілді. Тәлімгерлер мен директордың орынбасарлары сабаққа қатысты, кейіннен егжей-тегжейлі талдау, өзін-өзі тәрбиелеу тақырыптары бойынша әңгімелесу, тоқсан қорытындысы бойынша сұхбат (барысы, сапасы, бағдарламаның орындалуы) және т.б. әдістемелік көмектер көрсетті. Сондай-ақ сабақтарға дидактикалық материалды бірлесіп дайындау және іріктеу, тақырып бойынша сабақтардың жоспар-конспектісін жасау, сыныптан тыс жұмыстар, сыныптан тыс жұмыстар бойынша сабақтар; жас мамандардың мектепшілік іс-шараларға, семинарларға, кездесулерге қатысуы қадағаланды.

Жұмыс келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Мектеп құжаттамасы.
2. Тәрбие процесін ұйымдастыру
3. Жас мұғалімді әдістемелік қамтамасыз ету
4. Сабақта тәрбие жұмысын ұйымдастыру
5. Жас мұғалімнің бейімделуінің психологиялық негіздері.

Оқу жылында жас мұғалімдер әртүрлі бағыттар бойынша біліктіліктерін арттырды.

Мұғалімдердің 2021/2023 оқу жылдары қатысқан конкурстарына, олимпиадаларына, іс-шараларына мониторинг

Мектебіміз 2022 жылдың желтоқсан 2023 жылдың қаңтар айында Ақмола облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» жоспары бойынша бес жылда бір өтетін мемлекеттік аттестаттаудан өтті.

2022 жылғы тамыз кенесінде 2021-2022 оқу жылының жалпы қорытындысы мен мектеп түлектері жоғары білім сапасын дәлелдеп, ЖОО мемлекеттік грант иегері аталғаны үшін мектебіміз І орынды иеленді.

Мұғалімдердің мадақтамалары

№	Аты-жөні	Атауы
1	Садвакасова Р.Д	Ақмола облысының білім басқармасының басшысы «Құрмет грамотасымен» физика, математика пәнінің мұғалімі 27.08.2022ж.
2	Қалиева З.Б	Біржан сал ауданы әкімі «Алғыс хатымен» математика пәнінің мұғалімі 27.08.2022ж.
3	Сейтқазин С.Г	03.10.2022 ж. «Мұғалімдер күні» мерекесінде

		технология пәні мұғалімі Обл. білім басқармасы басшысы атынан «Құрмет грамотасымен» марапатталды.
4	Шарипова Р.К.	Аудан әкімі «Алғыс хатымен» ОІМ
5	Қалиева З.Б	Аудандық «Үздік педагог» конкурсына қатысып жүлделі екінші орынды математика пәні мұғалімі Зейнегүл Борамбайқызы иеленіп білім бөлімі басшысынан Алғыс хатпен марапатталды.
6	Хамзина А.У	Ақмола облысы білім басқармасы «Зерделі» ақыл ой дамыту мектебінің бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған өңірлік «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасына қатысып ІІІ дәрежелі дипломмен бастауыш сынып мұғалімі
7	Сейтқазин С.Г	2022 жылдың І желтоқсаны мектебіміздің ұстазы Сейсен Габбасұлының зейнеткерлік жасқа толуына байланысты облыстық тоғызқұмалақ ойынынан турнир өткізілді. Аудандық білім бөлімі басшысы атынан Сейсен Габбасұлының Алғыс хатпен марапатталды және аудандық жастар мен жасөспірімдер спорт мектебі аудан орталығында Қазақша күрестен облыстық жарыс ұйымдастырып, жасөспірімдер спорт мектебі директоры атынан Сейсен Габбасұлы Алғыс хат және сыйлықпен марапатталды.
8	Рахимжанова Н.Р.	Республикалық «Болашақ» зияткерлік байқауына 6 сынып оқушысы Кенжебаев Диас қатысып жүлделі орынға ие болғаны үшін қазақ тілі әдебиеті пәні мұғалімі «Алғыс хатпен» марапатталады . 2023 ж.25-31 қаңтар.
9	Хамзина А.У.	Білім беру жүйесінде адал жұмыс атқарғаны және кәсіби қызметте қол жеткізген нәтижелері үшін «Құрмет грамотамен» бастауыш сынып мұғалімі білім бөлімі басшысы атынан марапатталды

10	Садвакасов А.Н. Хамзина А.У Рахметов М.А. Рахметова С.А.	30 -мамыр аудан орталығында өткен аудандық «Мүғалім -2023» спартакиада бағдарламасы бойынша спорттық жарысында мектебіміздің мүғалімдері шахматтан жүлделі Порынды, тоғызқұмалақ жарысында жүлделі Порынды иеленді.
----	---	--

3 жылдағы оқу сапасын салыстырмалы талдау (%)

Қорытынды аттестаттауды талдау

Оқу жылы	Бітірушілер	Білім сапасы	Үздік аттестат	Алтын белгі
2020/2021				
2021/2022	3			3
2022/2023	8		0	0

Оқуға ынталы оқушылармен жұмыс қорытындылары

Әр деңгейлі конкурсақа қатысу мектептің даму ресурсына жатады: білім беру процесіне қатысушының тұлғалық өсуге, табысқа жетуге деген ынтасын арттыру мақсатында мектептен республикалық деңгейге дейін.

2022/2023 оқу жылында 10 пән бойынша мектеп деңгейінде олимпиада өткізілді: қазақ тілі, орыс тілі, математика, ағылшын тілі, биология, физика, химия, тарих, география, информатика.

7-ден 11-ші сыныпқа дейін барлығы 24 оқушы қатысты. Мектептік кезеңнің нәтижесі бойынша олимпиада тапсырмасының 80 %-дан астамын орындаған білім алушылар пән олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысты.

Бнылғы оқу жылы республикалық, аудандық олимпиада мен конкурсақа қатысушылар саны 30 адамды құрады. Мектеп «Ақбота», КИО пән олимпиадалары мен конкурстарына қатысты. Ынталы әрі дарынды оқушылармен жұмыстың нәтижесінде олар конкурстарда жеңіске жетті.

Оқушылардың 2022/2023 оқу жылы конкурстарға, олимпиадаларға, интеллектуалдық ойындарға, іс-шараларға қатысу нәтижелері

- 09 қыркүйек 2022ж. Аудандық «Тоғызқұмалақ» ұлттық ойыны сайысында жүлделі жалпыкомандалық 2 орынды мектеп оқушылары Абушахман Арсен, Абушахман Бегасыл, Шайкен Айжан, Абушахман Аяжан иеленді.
- 11.10.2022 ж. ҚР Президенті Қасым- Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен де қымбат» атты мақаласы аясында өткізген аудандық «Батырлар жыры- тәрбие көзі» атты байқауда 6 сынып оқушысы Кенжебаев Диас екінші орынға ие болды.

3. 18.10.2022ж. «Бабалар салған ізімен» аудандық жастар тарихы квесінде 1 орынды «Алғырлар» тобы 9 сынып оқушысы Абушахманова Аяжан, 10 сынып оқушысы Рафизова Сандуғаш, 11 сынып оқушысы Рашитов Нұржігіт иеленіп Жастар ресурстық орталығының директоры А.Әлжановтан Дипломмен марапатталды.

4. 31.қазан.2022ж. өткен аудандық «Баянғали оқулары» байқауында «Талапты шәкірт» аталымына ие болған 11 сынып оқушысы Әлім Әсемгүл аудандық білім бөлімі басшысы атынан Мадақтамамен марапатталды

5. 9-11 сынып оқушылары арасындағы республикалық Абайтану олимпиадасының аудандық кезеңінде 3- орынды 10-сынып оқушысы Рафизова Сандуғаш иеленгені үшін Мадақтамамен марапатталды.

10-сынып оқушысы Әлім Әсемгүл мен 9-сынып оқушысы

Абушахманова Аяжан Сертификат иеленді.

6. «Бала би» облыстық шешендік өнер сайысының аудандық кезеңінде 2-орынды иеленген «Алғырлар тобы» 6 сынып оқушылары Қайрат Зарина мен Кенжебаев Диас Мадақтамамен марапатталды 21.11.2022ж.

7. 5-6сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша аудандық олимпиадада орыс тілі мен әдебиеті пәнінен Даулетхан Ерхан жүлделі ІІІ орынға ие болды. 07.12.2022ж.

8. 20.01.2023 ж. 7-8сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша аудандық олимпиадада орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 7 сынып оқушысы Өмірзақ Кәусәр ІІІ орынды,

Физика пәнінен 7 сынып оқушысы Нәгербек Мұхамедали ІІІ орынды,

Ағылшын тілі пәнінен 8 сынып оқушысы Мухаматова Жанеля ІІ орынды иеленді.

9. «Алтын білім кілті» әдістемелік ғылыми зерттеу орталығының қолдауымен Республика көлемінде «Зейінді бала» балалар журналының ұйымдастыруымен, балалар шығармашылығын дамыту мақсатында өткізілген қазақтың ұлы ақыны Абай шығармашылығына арналған дәстүрлі «АБАЙ оқулары» байқауына қатысып өзінің шығармашылық қабілетін жоғары деңгейде көрсеткені үшін 4 сынып оқушысы Бейсенбай Айбике І дәрежелі Дипломмен марапатталады. Алматы қ. Қаңтар 2023ж.

Малтаева Арайлым І дәрежелі «Дипломмен» марапатталды,

10. Жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында ағылшын тілі пәні бойынша өткен БОЛАШАҚ зияткерлік байқауына қатысып ІІ орынды иеленген 8-сынып оқушысы Мухаматова Жанеля «Дипломмен» марапатталады. 25 қаңтар 2023 ж.

11. Жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары арасында қазақ тілі әдебиеті пәні бойынша өткен БОЛАШАҚ зияткерлік байқауының жеңімпазы 6-сынып оқушысы Кенжебаев Диас 2 орынды иеленіп «Дипломмен» марапатталды. 25 қаңтар 2023 ж.

12. 30.01-03.02.2023ж. аудандық пәндер олимпиадасына мектебімізден 9-11 сыныптардан 8 оқушы қатысты.

Орыс тілі әдебиеті пәнінен 11-оқушынып оқушысы Шайкен Айжан 3-орын, ағылшын тілінен 9-сынып оқушысы Суюндық Гульнур 3-орын,

құқық негіздерінен 9-сынып оқушысы Абушахман Бегасыл 3-орын,

математика пәнінен 9-сынып оқушысы Абушахманова Аяжан 2-орын,

биология пәнінен 11-сынып оқушысы Абушахман Айбол 2-орынды иеленді

13. 10.02.2023ж. «XXI ғасырдың жас психологтары» сайысында Эссе номинациясы бойынша жүлделі ІІІ орынды иеленген 11-сынып оқушылары Рашитов Нуржигит пен Әлім Әсемгүл Дипломмен марапатталды.

14. «Алтын білім кілті» әдістемелік ғылыми зерттеу орталығының қолдауымен Республика көлемінде «Зейінді бала» балалар журналының ұйымдастыруымен, балалар шығармашылығын дамыту мақсатында өткізілген қазақтың ұлы акыны Абай шығармашылығына арналған дәстүрлі «АБАЙ оқулары» байқауына қатысып өзінің шығармашылық қабілетін жоғары деңгейде көрсеткен даярлық топ оқушылары І дәрежелі Дипломмен Кенжебаев Алдаберген, Абушахман Айбар, Талгат Алдияр марапатталды.

15. 4-7 ақпан 2023ж.«ДАРЫН» Республикалық ғылыми практикалық орталығы ұйымдастырған «АҚ БОТА» зияткерлік олимпиадасында

І дәрежелі Дипломмен 1-сынып оқушылары Әмір Нұрәли, Бейсенбай Райана
І дәрежелі Дипломмен, 2-сынып оқушылары Мыңбай Лейла, Кенжебаев Алдияр,

ІІІ дәрежелі Дипломмен 3-сынып оқушысы Буркитбаев Нұркен,

II дәрежелі Дипломмен 4 сынып оқушылары Бейсенбай Айбике, Аманжол Перизат, Өмірзақ Санжар, Мыңбай Диана,

II дәрежелі Дипломмен 5 сынып оқушылары Газизов Ернийаз, Сүйіндіков Мұрат,

II дәрежелі Дипломмен 6 сынып оқушысы Уәли Хадия,

II дәрежелі Дипломмен 7 сынып оқушылары Нөгербек Мұхамедали, Қайрат Ғалымтай,

III дәрежелі Дипломмен 9 сынып оқушылары Рамазан Сағындық, Абушахманова Аяжан,

II дәрежелі Дипломмен 9 сынып оқушысы Абушахман Бекасыл марапатталды.

16. Республикалық IQanat олимпиадасының 1 кезеңіне 8 сынып оқушысы Өлім Аңсар жеңімпаз атанып Сертификат иеленді.

2023ж.

17. 2-7 сынып оқушыларының зерттеу жобаларының және шығармашылық жұмыстары Зерде аудандық байқауына қатысып қазақ тілі мен әдебиетінен 1 орынды 4-сынып оқушысы Бейсенбай Айбике, физика пәнінен 7-сынып оқушысы Нөгербек Мұхамедали 1 орынды иеленіп Мадақтамамен марапатталып Облыстық байқауға жолданды.

18. Абылай ханның 310 жылдығына, Құрманғазы Сағырбайұлының 205 жылдығына, Ақан сері Қорамсаұлының 180 жылдығына арналған «Ақмола жұлдыздары» атты аудандық көркемөнерпаздар байқауына қатысқаны үшін «Қызғалдақ» бишілер тобы және 9-сынып оқушысы Абушахманова Аяжан Дипломмен марапатталды.

19. «XXI ғасырдың жас психологтары» сайысында Эссе номинациясы бойынша жүлделі III орынға ие болған мектебіміздің оқушылары марапатталады.

БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

Мектеп әкімшілігі азаматтардың білім алу құқығын жүзеге асыру бойынша атқаратын қызметінде ҚР заңнамасын, білім беру саласындағы нормативті құжаттарды басшылыққа ала отырып, азаматтардың білім алуының конституциялық құқығының сақталуын үнемі бақылауда ұстайды.

Оқушыларды қабылдау ҚР Мемлекеттік қызмет көрсету заңына сәйкес электронды түрде ата-аналардың өтініштері мен мектеп директорының бұйрығы негізінде жүргізіліп, бұйрықтар кітабына алфавиттік кітабына тіркеледі. Барлық келген және кеткен оқушылардың білім беру мекемесіне келуі және кетуі туралы құжаттары бар.

Білім беру сапасын қамтамасыз етудің тиімділігі

Білім сапасының динамикасы (мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыру үшін - білім мен дағдының қалыптасу деңгейінің динамикасы)

Оқушылардың соңғы жылдағы білімдерінің сапасы:

Оқушылардың 3 жыл ішіндегі оқу үлгерімі мен білім сапасын салыстырмалы талдау (2020–2023 жж.)

Оқу сатылары	2020-2021 оқу жылы		2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы	
	Оқушы саны	Сапа%	Оқушы саны	Сапа%	Оқушы саны	Сапа%
1-4 сыныптар	33	61	27	63	21	70
5-9 сыныптар	33	48	28	64	27	63
10-11 сыныптар	11	82	11	60	10	60
Барлығы	77	69	66	68	58	66

Оқу жылдары	Оқу үлгерімі, %	Білім сапасы, %
2020-2021	100%	69%
2021-2022	100%	68%
2022-2023	100%	66%

Қорытынды:

Біріншіден, Себебі: білім сапасының төмендеуі бала санына байланысты

2020-2021 оқу жылында 77 оқушы,

2021-2022 оқу жылында 66 оқушы;

2022-2023 оқу жылында 58 оқушы болғандықтан білім сапасы 66 %

7-ден 12 оқушыға дейін жинақталуымен түсіндіріледі; екіншіден, кіші буыннан негізгі буынға өту кезіндегі балалардың физиологиялық-психологиялық ерекшеліктері, білім деңгейі төмен оқушылардағы ынтасының әлсіздігі. Барлық сыныптарда – сыныпты басқаруда және білім сапасында проблемалардың болуы (мұғалімдердің инновациялық технологияларды пайдалануға дайындығының аздығы), пән мұғалімінің ынтасы төмен оқушылармен жеке жұмысы және сараланған жұмысының

әлсіздігінен, мотивациясы жоғары балалармен жұмыстың баяулығынан көруге болады. Білім берудің барлық деңгейіндегі бағдарламалар бірізді, спиральдық сипатқа ие және оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға арналған тапсырмалар арқылы оқу материалын байыту стратегиясына негізделген. Шешу жолдары: пән мұғалімдерінің сабаққа әдістемелік дайындығын күшейту, түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану, ынталары нашар оқушылардағы олқылықтарды жою жұмыстарын жалғастыру.

Тоқсан	2020-2021 оқу жылы		
	үздіктер	екпіндер	Сапа%
1-тоқсан	10	23	63
2-тоқсан	11	23	64
3-тоқсан	11	23	64
4-тоқсан	11	24	65

Тоқсан	2021-2022 оқу жылы		
	үздіктер	екпіндер	Сапа%
1-тоқсан	10	23	63
2-тоқсан	11	23	64
3-тоқсан	11	23	64
4-тоқсан	11	24	65

Тоқсан	2022-2023 оқу жылы		
	үздіктер	екпіндер	Сапа%
1-тоқсан	10	23	63
2-тоқсан	11	23	64
3-тоқсан	11	23	64
4-тоқсан	11	24	65

Қорытынды аттестаттау нәтижесі бойынша пәндер рейтингі

№	Пән	2020-2021 оқу жылы		2021-2022 оқу жылы		2022-2023 оқу жылы		Жылдық	
		Оқу үлгерімі	Сапасы	Оқу үлгерімі	Сапасы	Оқу үлгерімі	Сапасы	Оқу үлгерімі	Сапасы
1	Қазақ тілі	100	81,7	100	76,4	100	79	100	77
2	Қазақ әдебиеті	100	85,9	100	79,2	100	80	100	80
3	Орыс тілі	100	74,6	100		100	79	100	79
4	Ағылшын тілі	100	67,6	100	79,2	100	71	100	71
5	Математика	100	67,6	100	75	100	79	100	79
6	Алгебра	100	64,7	100	70,8	100	67	100	67
7	Геометрия	100	64,7	100	73,5	100	67	100	67
8	Физика	100	70,6	100	76,5	100	76	100	76
9	Информатика	100	83	100		100	80	100	80
10	Химия	100	78,3	100	78,3	100	72	100	72
11	Биология	100	79,4	100	79,4	100	90	100	90
12	География	100	69,6	100	69,6	100	96	100	92
13	Қазақстан тарихы	100	84,1	100	86,4	100	96	100	96
14	Дүниежүзі тарихы	100	69,7	100	72,7	100	93	100	97
15	Жаратылыстану	100	86,5	100	76,3	100	80	100	84
16	Дүниетану	100	84	100	75	100	93	100	92
17	Құқық негіздері	100	81,8	100	81,8	100	100	100	100

Мектепшілік бақылау

Сапалы білім беруде, құжаттамалық қамтамасыз етуде, оқу үдерісін ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуде, мектептегі оқу-тәрбие жұмысының және психологиялық қызметтің жай-күйіне бақылау жасалды.

Бақылау жоспары мониторинг және диагностика нәтижелерін ескере отырып, қажеттілігіне қарай түзетілді. Бақылау нәтижелері директордың оқу ісін басқару жөніндегі орынбасары Шаипова Р.К ,тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Сапарова Б.Т берген анықтамаларда, педагогикалық кеңестер мен директор жанындағы кеңесте талдау жасалып, көрсетілген.

Оқушылардың білім деңгейін қадағалау үшін аралық бақылау жұмыстары жүргізіліп, пәндер бойынша мониторинг жасалды. Пәндер қорытындысы бойынша пән мұғалімдеріне ұсыныстар берілді:

1. Олқылықтарды жою және білім сапасын арттыру жұмыстарын жалғастыру
2. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты күшейту
3. Әр мұғалім тақырыптың меңгерілуін қадағалау
4. Бақылау бөлімдерінің нәтижелерін ата-аналардың назарына жеткізу.

Жыл бойына сыныптағы мұғалімдер ҚМЖ-да көрсетілген олқылықтарды толтыру бойынша тапсырмаларға назар аударды. Жоғарыда айтылғандармен қатар жоспар бойынша мектепішілік бақылау жүргізілді.

Оқу жоспарлары мен бағдарламаларының орындалуын бақылау келесі аспектілерді қамтиды:

1. Оқу материалын тапсыру реттілігі және әрбір тақырыпты оқып-үйрену бағдарламасымен белгіленген сағаттар санын сақтау (материалдың өтуінің кестеге сәйкестігі).
2. Нақты өткізілген сабақтардың саны.
3. Қажетті минималды жиынтық жұмысты орындау.

Бақылау қорытындысы бойынша 2022-2023 оқу жылында оқу жоспарлары мен бағдарламалары толық орындалды, практикалық және зертханалық, жиынтық жұмыстары орындалды.

Бекітілген жоспарға сәйкес БЖБ және ТЖБ өткізіліп, әр мұғалім талдау жасап, жіберілген қателер бойынша жұмыс жүргізді. Материалды қиын деп тапқан оқушылар үшін мұғалімдер әр оқушымен жеке түзетіп отырды.

Жаппай оқытудың орындалуын бақылау

Мақсаты:

- оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау;
- оқуға жайлы жағдай жасау.

Мектепте оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау мен жұмыс жүйесі қалыптасты: бірінші және соңғы сабақта күнделікті бақылау, күнделікті және апта сайын есеп беру. Сабаққа жақсы қатысу оқу үлгерімін де көтереді. Маңызды себепсіз сабаққа қатыспаудан туындайтын мәселелер уақтылы шешілді.

Мектепте оқушылар жұмыс істеуі үшін СанЕН талаптарына сәйкес санитарлық-гигиеналық, педагогикалық, психологиялық шарттар сақталды. Жылу, жарық режимі сақталады. Сабақ кестесі мен оқушылар жүктемесі қалыпты. ҚТ журналдары үнемі тексеріледі, ескерту жоқ. Көпбалалы және аз қамтылған отбасылармен жұмыс жүргізіледі.

Мұғалімдердің оқушылардың дәптерлерімен жұмысын бақылау

Мақсаты: дәптердің болуын, бірыңғай орфографиялық режимнің, сабақтағы жұмыс көлемінің сақталуын тексеру.

Тексеру нәтижесі бойынша анықтама жасалды. Дәптерді тексеру нормасы мен сабақтағы жұмыс көлемі негізі талапқа сай, көп оқушы орфографиялық режимді сақтайды. Кері байланыс үнемі жасала бермейді.

Ұсынымдар:

- директордың ОТІ жөніндегі орынбасары жүйелі түрде дәптерлерді тексерсін, барлық мұғалім бірыңғай талаптың сақталуына қол жеткізуі тиіс;
- оқытушылар оқушылардың дәптермен жұмысына талапшыл болсын.

Оқу пәндерін оқыту сапасын бақылау

Мақсаты: пәндер оқушылардың оқу сапасын бақылау, оқу бағдарламаларын орындау.

Тексеру қорытындысы бойынша анықтама жасалып, жиналыстар өткізілді.

Биыл сабаққа қатысу әрі талдау арқылы мына мәселелер бақыланды:

- сабақтың тәрбиелік бағыты;
- оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастыру;
- оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- оқу әдістерін ұтымды қолдану;
- сабақты мотивациялық қамтамасыз ету.

Сабақты талдау барысында ұсыныстар мен ұсынымдар жасалды. Жалпы оқытушылар сабақты өткізуге жауапкершілікпен қарайды, кәсіби деңгейін көтеруге тырысады, оқушылармен жұмыстың түрлі нысандары мен әдістерін қолданады, бұл ретте жаңа педагогикалық технология элементтерін, соның ішінде АКТ-ны қолданады.

Барлық мұғалім пән бойынша жаңартылған білім мазмұны курсынан өтті.

Ұсынымдар:

- оқытушылар қызметін өзіндік талдау дағдысының деңгейін көтеру;
- сабақ өткізу нысандарын түрлендіру;
- жаңа педагогикалық технология элементтерін белсенді енгізу, сабақта АКТ қолдану;
- ӘБ арқылы озық тәжірибені жинақтау және жалпылау жұмысын бақылау

Оқушылардың БДМ бақылау

Мақсаты:

- оқушылардың БДМ деңгейін, мұғалімдердің білім сапасын арттыру жұмысын бақылау;
 - білім сапасын көтеруге кері әсер ететін факторларды анықтау.
- Білім сапасын бақылау әрі мониторинг жүргізу:
- әкімшілік;
 - аралық;
 - жыл ішіндегі қорытынды;
 - бақылау, практикалық зертханалық жұмыстар кестесін орындау;
 - қорытынды аттестаттау.

Әр бақылау түрінің қорытындысы бойынша анықтама жасалып, жұмыс жиналыстары мен педкеңестер өткізілді.

Тұжырымдар. Негізінен 2022/2023 оқу жылына белгіленген мақсаттан орындалды. Оқу үлгерімі 100 %, сапасы 65 % .

Ұсынымдар: мұғалімдер оқу үлгерімі төмен және оқуға ынтасы жоқ оқушылармен жеке жұмыс нысандарын жетілдірсін;

- ӘБ жұмыс жоспарына пәндер бойынша білім сапасына мониторинг жүргізу мәселелерін енгізсін.

Оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс

Мақсаты:

- білімдегі кемшіліктерді жою бойынша жеке жұмысты бақылау;
- кеңес беру, оқытушылар жұмысы, сабаққа қатысу бойынша оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты тексеру;
- бір жылда үлгермейтін оқушыларды анықтау, үлгермеушілік себебін талдау.

Оқу үлгерімі төмен оқушылар алғашқы бақылаудан кейін (мектеп курсындағы бақылау срездері) анықталады, жиналыстар мен педкеңестерде мына мәселелер талқыланады: сабақтағы жеке жұмыс арқылы кемшілікті жою, білім алушылардың ата-аналарымен байланыс, танымдық қызметке ынтаны арттыру туралы.

Үлгермеушіліктің себептері: интеллектінің әлсіз дамуы, нашар жады, баланың психикалық және эмоционалды даму ерекшеліктері, танымдық қызығушылықтың болмауы және оқуға деген төмен ынта, білімдегі кемшілік, оқу еңегі дағдысы дамымаған, мектептен тыс ортаның кері әсері (отбасы, құрдастары).

Пән мұғалімдері сабақта оқытудың сараланған тәсілін қолдана отырып, оқу үлгерімі төмен оқушылармен жеке жоспар бойынша жұмыс істейді.

Тұжырымдар. Оқу үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі, мұғалімдер үлгермеушіліктің алдын алады, оның себебін анықтап, оқушыларға кемшіліктерді жоюға көмектеседі.

Ұсынымдар. Үлгерімі төмен оқушының мінездемесін жасап, себебін анықтап, осы оқушыларға табысқа жету жолын белгілеп, «оқушы – мұғалім – ата-ана» байланысында жұмыс істеу керек

«Kundelik.kz» электрондық журналымен жұмысты талдау

«Kundelik.kz» электрондық журналының енгізілуі талапқа толық сай. ЭЖ жүргізу туралы ережеге сәйкес пән мұғалімдері сабаққа келмегендерді белгілеп, оқушыларға баға қойып, оқушыларға ұсынымдар мен пікірлер жазып, сабақ жоспары мен үй тапсырмасының жазбасын жүргізуі тиіс.

Журналды тексеру барысында мұғалімдер жұмысындағы мына кемшіліктер анықталды: кей мұғалімдер сабақ күні мен тақырыбын уақтылы жазбайды және т. б.

Ата-аналармен жұмысты талдау

Мектепте ата-аналармен жұмыстың негізгі нысанына ата-аналар жиналысы (сыныптық және жалпымектептік), сынып жетекшілері мен мектеп әкімшілігінің ата-аналарымен жеке әңгімелесу жатады. Өткен оқу жылы ата-аналар жиналысы төрт рет өткізілді: қыркүйекте – ұйымдастырушылық, желтоқсанда – бірінші жартыжылдықты қорытындылау, ақпан – қорытынды

аттестаттау ерекшеліктері, мамыр – оқу жылын аяқтау қорытындысы (ақпан, сәуір – бітіруші сынып оқушыларының ата-аналары үшін жалпымектептік жиналыс).

9, 11-ші сынып оқушыларының ата-аналарымен жиналыс өткізу маңызды әрі аса қажет, мұнда мектеп әкімшілігі ата-аналарға балаларының білімін жалғастыру жолына бағыт береді. Сонымен бірге ата-аналар оларға негізгі және жалпы орта білім туралы аттестат алу талаптарын түсіндірді.

Ата-аналар жиналысы сынып жетекшілерінің оқушылардың ата-анасымен жақсы жұмыс істегенін көрсетті. Мектепте оқу үлгерімі төмен және бағдарламаны түсінбейтін оқушылардың ата-аналарымен үздіксіз жұмыс жүргізіледі. Сондай-ақ бұл жұмыс сынып жетекшілерімен және мектеп әкімшілігімен әңгімелесу түрінде өткізіледі.

2023-2024 оқу жылына міндеттер:

1. Білім сапасын сақтау және жақсарту бойынша жұмысты жалғастыру
2. Мотивациясы жоғары оқушыларды қолдау мен жұмыс жүйесін дамыту және жетілдіру.
3. Білім берудің жетістігін, мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі мен әдістемелік дайындығының деңгейін бақылау және диагностикалау жүйесін жетілдіру.
4. Білім сапасын арттыру үшін инновациялық технологияларды пайдалануды жалғастыру.
5. Оқушылардың жобалық және ғылыми-зерттеу іс-әрекеттері, сонымен қатар оқытушылардың авторлық жобалары бойынша жұмысты жандандыру.
6. Жас және жаңадан қабылданған мамандармен жұмысты әдістемелік қамтамасыз ету.
7. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ұстаздардың тәжірибесін тарату жұмыстарын жүйелендіру.

Мектеп директоры



Садвакасов А.Н

Мектептің жұмыс тақырыбы: «Оқу – тәрбие жүйесін бақылау арқылы білім сапасын арттыру»

Мақсаты: Шығармашылықпен жұмыс жүргізу, инновациялық идеялар мен білім жүйесіндегі ақпараттармен танысу арқылы озық тәжірибелерді оқып үйрену, заман талабына сай білімін үздіксіз жетілдіріп отыру.

2023-2024 оқу жылына қойылатын міндеттер:

1. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сай білім беру мен тәрбие мазмұнының сапасын арттыру;
2. Жаңашылдық тәжірибелерді зерттеуге, таратуға және оқу тәрбие үрдісіне енгізуге жағдай жасау;
3. Жаңартылған білім беру мазмұны және үштілділікті дамыту;
4. Бейінді оқытуды және бейіналды даярлықты ұйымдастыру;
5. Мектеп бітірушілердің қорытынды емтихан, PISA, PIRLS, TIMESS тестілеріне дайындауда жүйелі жұмыс жүргізу;
6. Оқу-тәрбие жұмысына жүргізілетін мектепшілік сараптама мониторинг кестесін жүргізу;
7. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайту жұмыстарын жалғастыру;
8. Жоғары оқу орындарымен (Болашақ, ҚарМУ) және «Дарын» орталығы мен Кіші ғылым академиясымен, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, ENU.KZ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетімен байланысты дамыту.
9. Білім сапасын арттыру жолында мектеп психологының ролін күшейту.
10. Балалар денсаулығына байланысты диагностиканы жүйеге келтіру.
11. Жас ерекшеліктеріне байланысты оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеуді жүйелі жүргізу.
12. Мұғалімдердің жұмысын рейтингтік жүйеде бағалауды жалғастыру, қосымша бөлімдер енгізу.
13. Жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында оқушылардың білім сапасын арттыру;
14. «Мәңгілік Ел» идеясы жобасында білім беру жүйесін жаңалау;
15. Елбасымыздың «Рухани жаңғыру-болашаққа бағдар» мақаласы бойынша туған жерге, Отанға деген оқушылардың патриоттық сезімдерін тереңдету.

1. Білім мекемесінің тегін және орта білім алуға бағытталған әрекеті.

Мақсаты: Барлық мектеп жасындағы балаларды оқумен қамту.

Жоспар: 1. Оқумен қамту

2. МДТ, 1-ші және 10-шы сыныптарды комплектілеу. 3. Аз қамтылған отбасылар, әлеуметтік көмекті қажет ететін көпбалалы отбасы балаларымен жұмыс.

2.1. Оқумен қамтылу

Мақсаты: Жалпыға бірдей орта білім беруді жүзеге асыру.

Міндеттері: Оқушы, мұғалім, ата –аналар арқылы мектептегі түбегейлі өзгерістерді насихаттау, білімнің қажеттігіне ерекше көңіл аудару.

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімдер	Жауапты адамдар
1	0-18 жас аралығындағы балаларды есепке алу	Тамыз, қаңтар	Тәрбие ісінің меңгерушісі Сапарова Б.Т. Педагог-психолог Серкешева З.Т
2	Оқулықпен қамтамасыз ету.	Мамыр, тамыз	Кітапханашы Салькова М.С.
3	Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.	Күнде	Педагог-психолог Серкешева З.Т
4	«Қамқорлық» акциясының жұмысын жүргізу.	Жыл бойы	Педагог-психолог Серкешева З.Т
5	Түрлі жұқпалы аурулар мен жарақаттанудың алдын алу шараларын өткізу.	Жыл бойы	Медбике Ташенова Ж. Сынып жетекшілері
6	Қауіпсіздік техникасының ережелерімен таныстыру.	Қыркүйек	Директордың шаруашылық-істер жөніндегі орынбасары Нургалиева А.К.
7	Медициналық байқаудан өту.	Тамыз	Медбике Ташенова Ж.
8	Дәрігерлік-педагогтік тексерулер.	Аптасына 1р	Медбике Ташенова Ж
9	Нормативтік жылу және жарық режимін қадағалау.	Күнде	Директордың шаруашылық істер жөніндегі орынбасары Нургалиева А.К
11	Гигиенаның талапқа сәйкестігін тексеру.	күнде	Директордың шаруашылық-істер жөніндегі меңгерушісі Нургалиева А.К
12	Оқулықтың жағдайын бақылап тексеру.	Қазан наурыз	Тәлімгер Садвакасова А.Е.
13	9,11 сынып оқушыларының елбеске орналасуы жөнінде мәлімет тапсыру.	тамыз	Сынып жетекшілері Рахметов М.А Садвакасова Р.Д. Бигалиева К.Ш
17	Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылармен жұмыс.	Үнемі	Педагог-психолог: Серкешева З.Т. Сынып жетекшілері
18	Қамқорлыққа алынған, аз қамтылған және көпбалалы отбасы балаларын есепке алу.	Қыркүйек	Сынып жетекшілері. Педагог-психолог Серкешева З.Т
19	Аз қамтылған және көпбалалы отбасы балаларының жанұясымен танысу, отбасыларына бару.	Жыл бойы	Сынып жетекшілері Педагог-психолог Серкешева З.Т.
20	Карантин кезінде онлайнға көшу мақсатында уақытша әлеуметтік жағдайы бойынша тізімдегі	Тамыз	Сынып жетекшілері Педагог-психолог Серкешева З.Т

	оқушыларды ноутбукпен, компьютерлермен жабдықтау		
2 1	Аз қамтылған және көпбалалы отбасы балаларына оқумен қамтылу қорынан көмек көрсету.	Жыл бойы	Әкімшілік Педагог-психолог: Серкешева З.Т.
2 2	Қамқорлыққа алынған балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру.	Мамыр маусым	Тәрбие ісінің меңгерушісі: Сапарова Б.Т.
2 3	«Мектепке жол акциясы»	Тамыз қыркүйек	Тәрбие ісінің меңгерушісі Сапарова Б.Т Педагог-психолог Серкешева З.Т
2 4	«Жолда жүру ережесін сақтау»	Үнемі	Сынып жетекшілері
2 5	Үйірме жұмыстарын бақылау	Үнемі	Тәрбие ісінің меңгерушісі: Сапарова Б.Т
2 6	Ата-ана комитетінің жұмысы «Қамқоршылық» кеңесі туралы	Жоспар бойынша	Тәрбие ісінің меңгерушісі: Сапарова Б.Т.
2 7	Мектеп кітапханасына саяхат	қыркүйек	Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Садыкова Г.Р.
2 8	Мектеп мұғалімдері және шағын орталықтың тәрбиешілері сабаққа қатысу (ашық сабақ)	желтоқсан	Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Садыкова Г.Р.
2 9	Мұражайға саяхат	ақпан	Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Садыкова Г.Р.
3 0	Біз мектепке барамыз ертеңгілігіне мұғалімдерді шақыру (ертеңгілік)	мамыр	Мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі Садыкова Г.Р.

3. Педагогикалық ұжыммен өткізілетін жұмыс.

3.1. Әдістемелік жұмыс.

